

Жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің шекараларынан еркін және тең құқылы өтуін және олардың тауарлар мен валютаны кедергісіз тасымалдауын қамтамасыз ету туралы 1998 жылғы 24 қарашадағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 934 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің шекараларынан еркін және тең құқылы өтуін және олардың тауарлар мен валютаны кедергісіз тасымалдауын қамтамасыз ету туралы 1998 жылғы 24 қарашадағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Е в р А з Э Қ

И н т е г р а ц и я л ы қ

к о м и т е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 7

а қ п а н д а ғ ы

N

1 8 5

шешіміне қосымша

Жоба

Жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттер шекараларынан еркін және тең құқылы өтуін және олардың тауарлар мен валютаны кедергісіз тасымалдауын қамтамасыз ету туралы 1998 жылғы 24 қарашадағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама

Беларусь Республикасының Үкіметі және Беларусь Республикасының Ұлттық банкі,
Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі,
Қырғыз Республикасының Үкіметі және Қырғыз Республикасының Ұлттық банкі,
Ресей Федерациясының Үкіметі және Ресей Федерациясының Орталық банкі,
Тәжікстан Республикасының Үкіметі және Тәжікстанның Ұлттық банкі, бұдан әрі
Т а р а п т а р д е п а т а л а д ы ,

Жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттер шекараларынан еркін және тең құқылы өтуін және олардың тауарлар мен валютаны кедергісіз тасымалдауын

қамтамасыз ету туралы 1998 жылғы 24 қарашадағы келісімнің (бұдан әрі - Келісім)
е р е ж е л е р і н і с к е а с ы р а о т ы р ы п ,
Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің бірыңғай кеден аумағын
қалыптастырудың ағымдағы кезеңін және олардың ұлттық экономикаларының нақты
ж а й - к ү й і н е с к е р е о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің 1-бабының екінші абзацындағы мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "тұратын"
деген сөзден кейін үтір қойылып, "оның ішінде одан тыс жерлерде уақытша тұратын"
деген сөздермен толықтырылсын, одан әрі - мәтін бойынша.

2-бап

Келісімнің 7-бабының бірінші абзацындағы "олардың ішкі кеден шекаралары
арқылы" деген сөздер "Кеден одағына қатысушы, мемлекеттердің бірыңғай кеден
аумағы ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын және "8-бап ережелерін есепке ала
отырып" деген сөздер алынып тасталсын.

Келісімнің 7-бабының екінші абзацындағы "ішкі кеден шекаралары арқылы" деген
сөздер "кеден аумағы ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

Келісімнің 7-бабының төртінші, бесінші және алтыншы абзацтары алынып
тасталсын.

3-бап

Келісімнің 8-бабының бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда
ж а з ы л с ы н :

"Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің бірыңғай кеден аумағы құрылғанға
дейін жеке тұлғалар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ішкі және сыртқы кеден
шекаралары арқылы 3000 АҚШ доллары баламасына тең және одан аспайтын сомадағы
қолма-қол шетел валютасын бір жолы әкелу/әкету үшін жазбаша түрде декларацияға
енгізбей және рұқсат құжаттарын ұсынбай, кедергісіз әкетуге құқылы деп келісті.

Жеке тұлға Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ішкі және сыртқы кеден
шекаралары арқылы 3000 АҚШ доллары баламасынан асатын қолма-қол шетел
валютасын әкелген/әкеткен жағдайда, оған/одан осындай валюта әкелінетін/әкетілетін
Кеден одағына қатысушы мемлекеттің ұлттық заңдарында белгіленген тәртіп
қолданылады. Сонымен бірге жеке тұлға Кеден одағына қатысушы мемлекетке
қолма-қол шетел валютасын әкелгенде кеден органы ресімдеген кеден декларациясы
осы Кеден одағына қатысушы мемлекеттен оны әкету үшін (декларацияда көрсетілген

сома шегінде) жеткілікті негіз болып табылады.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің бірыңғай кеден аумағы құрылғанға дейін Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ұлттық валюталарын олардың шекаралары арқылы алмастыру оған/одан оның валютасы әкелінетін/әкетілетін Кеден одағына қатысушы мемлекеттің ұлттық заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Тараптар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің экономикалық ахуалының өзгеруіне қарай жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ішкі және сыртқы кеден шекаралары арқылы қолма-қол шетел валютасын әкелуінің/әкетуінің өзге де келісілген нормаларын белгілеуге құқылы."

Келісімнің 8-бабының үшінші абзацы бесінші болып есептелсін. Осы абзацтың мемлекеттік тілдегі мәтінінде "қамтамасыз етеді" деген сөздерден кейін үтір қойылып, мынадай мазмұндағы мәтінмен толықтырылсын: "осы мемлекет бұл жөнінде басқа Кеден одағына қатысушы мемлекеттерге хабарлайды."

4-бап

Келісімнің 9-бабы алынып тасталсын.

5-бап

Келісімнің 10, 11, 12 және 13-баптары тиісінше 9, 10, 11 және 12-баптар болып есептелсін.

6-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Хаттаманың депозитарийі Евразиялық экономикалық қауымдастықтың Интеграциялық Комитеті болып табылады.

7-бап

Осы Хаттама депозитарий Тараптардың оны күшіне енгізу үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы хабарламасын алған күннен бастап күшіне енеді.

8-бап

Осы Хаттама күшіне енген күннен бастап Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын 2000 жылғы 23 мамырдағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің жеке тұлғаларының үшінші елдерге қолма-қол шетел валютасын кедергісіз алып өтуінің тәртібі мен нормасы туралы хаттаманың қолданылуы тоқтатылады.

200__ж._____ қаласында жасалды.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы Евразиялық экономикалық қауымдастықтың Интеграциялық Комитетінде сақталады, ол әрбір Тарапқа хаттаманың куәландырылған көшірмесін жібереді.

Б е л а р у с ь
Республикасының
Үкіметі үшін Ұлттық банкі үшін
Қ а з а қ с т а н
Республикасының
Үкіметі үшін Ұлттық Банкі үшін
Қ ы р ғ ы з
Республикасының
Үкіметі үшін Ұлттық банкі үшін
Р е с е й
Федерациясының
Үкіметі үшін Орталық банкі үшін
Тәжікстан
Республикасының
Үкіметі үшін

Б е л а р у с ь
Республикасының

Қ а з а қ с т а н
Республикасының

Қ ы р ғ ы з
Республикасының

Р е с е й
Федерациясының

Тәжікстанның Ұлттық
банкі үшін